

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 сәуірде № 3130 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімінің 27.04.2015 № 3 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру қажеттігін туындатқан, Шахтинск қаласының Шахан кенті аумағының бөлігін су басуына байланысты, Шахтинск қ а л а с ы н ы ң ә к і м і **Ш Е Ш Т І :**

1. Шахтинск қаласының Шахан кентінде табиғи сипаттағы төтенше жағдай ж а р и я л а н с ы н .
2. Төтенше жағдайларды жою басшысы болып Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Е.Б. Уахитов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

Қала әкімі

А. Аглиулин